# ҚазҰМУ Орталық цифрлық басқару (ОЦБ) платформасында резидентураға түсуге арналған емтихандарды тапсыратын үміткерлерге арналған нұсқаулық!

1. Тіркелу үшін **Тестілеу орталығынан** алған логин мен құпиясөзді енгізіңіз. Мәліметтердің дұрыс енгізілгеніне көз жеткізіп, **«Кіру»** батырмасын басыңыз (сурет 1).




**Сурет 1.** ОЦБ платформасындағы тіркелу (авторизация) беті.

2. Авторизациядан кейін **жүйеде жұмыс істеу нұсқаулығы** автоматты түрде ашылады. Оның мазмұнымен мұқият танысып, «Таныстым» деген ұяшыққа белгі қойып, жұмысты жалғастыру үшін **«Таныстым»** батырмасын басыңыз (сурет 2).




**Сурет 2.** Жүйеде жұмыс істеу нұсқаулығымен танысу беті.

3. Кейін келе жатқан емтихан туралы ақпаратпен мұқият танысыңыз. Соңынан **«Емтиханды бастау»** батырмасын басыңыз (сурет 3).




**Сурет 3.** Емтихан туралы ақпарат беті.

4. Емтихан туралы ақпаратпен танысып, толық дайын болған соң, шешіміңізді растаңыз. Ол үшін **«Иә, сенімдімін»** батырмасын басыңыз (сурет 4). Батырманы басқаннан кейін емтихан автоматты түрде басталып, уақыт кері санау іске қосылады.




**Сурет 4.** Емтихан басталатын бет.

5. Емтихан басталды. Әр сұрақты мұқият оқып шығып, тиісті өріске жауап беріңіз. **Назар аударыңыз:** уақыт кері санауы қосылған, қалған уақыт экранда көрсетіледі (сурет 5).




**Сурет 5.** Емтихан беті.

6. Барлық сұрақтарға жауап беріп, олардың дұрыстығына көз жеткізгеннен кейін емтиханды аяқтауға болады. Ол үшін **«Емтиханды аяқтау»** батырмасын басыңыз (сурет6).




**Сурет 6.** Емтиханды аяқтау беті.

7. Емтиханды сәтті тапсырғаннан кейін экранда емтиханның басталу және аяқталу уақыты туралы ақпарат көрсетіледі (сурет 7).

**Назар аударыңыз:** Емтихан нәтижелері университеттің ресми сайтында жарияланады. Апелляция беру сілтемесі де сол сайтта орналастырылады.




**Сурет 7.** Емтихан аяқталғаннан кейінгі бет.

8. Емтихан алушы бағалауды аяқтағаннан кейін қабылдау комиссиясы қорытынды ведомосты жасайды. Сіз қойылған бағаңызбен университеттің ресми сайтында таныса аласыз. Нәтижемен келіспеген жағдайда, ОЦБ платформасы арқылы апелляция беру мүмкіндігі қарастырылған.

Сілтеме сізді ОЦБ платформасындағы тіркелу бетіне бағыттайды. Бұдан кейін емтихан кезінде Тестілеу орталығынан алған логин мен құпиясөзді енгізіңіз. **«Апелляция беру»** батырмасын басыңыз (сурет 8).




**Сурет 8**. Апелляцияға өтініш беру бет

9. Сіз нақты бір сұраққа немесе екі сұрақтың екеуіне де апелляция бере аласыз. Ол үшін тиісті өрісті толтырып, негіздемені көрсетіңіз және «**Апелляцияға жіберу**» батырмасын басыңыз (сурет 9).
Назар аударыңыз: апелляциялар тек нақты және дәлелді негіздеме болған жағдайда ғана қарастырылады.




**Сурет 9.** Апелляция жіберу беті.

10. Сіз апелляцияны сәтті жібердіңіз. Ақпарат апелляциялық комиссияға қарастыру үшін жолданды, және сіз қабылдау комиссиясы тарапынан қаралуға шақырыласыз.




**Сурет 10.** Апелляцияның сәтті жіберілгенін растайтын бет.